

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2024 жылдың 22 сәуірінде жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрдің
орынбасары
Қ.А. Бозымбаевқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ Құрметті Қанат Алдабергенұлы!

Өзіңіз білетіндей, бүгінгі таңда суармалы суды тиімді пайдалану мәселесі өткір мәселенің бірі болып тұр, өкінішке орай еліміздің су ресурстары басқа мемлекеттермен салыстырғанда шектеулі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Суды үнемдеп пайдаланбаса, тез таусылатын шектеулі ресурс. 2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін», - деп Үкіметке су мәселесін шешу бойынша міндеттер қойып, Су ресурстары және ирригация министрлігін құрып еді.

Соңғы жылдары Парламент депутаттарына шаруалардан гидрокұрылыстар, каналдарды жөндеу және реконструкциялау, тарифтерді субсидиялау сияқты мәселелерді шешу бойынша көптеген өтініштер түсіп жатыр. Мысалы VII шақырылымның депутаттары Үкіметке су мәселері бойынша 10-нан аса депутаттық сауалдар жолдаса, VIII шақырылымның депутаттары бүгінгі күнге дейін 17 депутаттық сауал жолдап отыр. Бұл - су мәселесінің осы күнге дейін жүйелі түрде реттелмегенін көрсетеді.

2024 жылы Үкімет Су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіті. Тұжырымдама тұтастай алғанда саланың тиімді, ұтымды, ғылыми, кадрлық әлеуетінен бастап, жүйені су ресурстарымен дамытудың барлық спектірін қамтыған. Бірақ, өкінішке орай, тұжырымдама қолдануда су мәселесін егжей-тегжейлі қарастырмай, жалпылама жазылыған.

Мысалы Кешенді жоспарда жергілікті атқарушы органдар мен министрліктің жоспарды орындау барысында жобалау-сметалық

құжаттаманы әзірлеу уақыты да нақты емес 2024 және 2026 жылдар аралығыда, 2030 жылға дейін бекітілген жыл сайынғы қаржыландыру қарастырылмаған, **сондай-ақ**, нысандардың жөндеу уақыты аймақтар бойынша кезең кезеңімен бекітілмеген. Қызылорда облысында 254 мың гектар суармалы жерлер бар, оның 178 мыңы орталықтандырылған су беру жүйесімен қамтылған. Жүйенің ескіруі мен сапасының төмендеуіне байланысты, аймақта жыл сайын шамамен 2 миллиард текше метр су жоғалады. **Оңтүстік облыстардың** жер жүйесінің мелиоративтік жай-күйін жақсарту бойынша 319 мың гектарға жұмыс жүргізілсе, оның ішінде Қызылорда облысында бар болғаны 15 мың гектар яғни жалпы көлемнің 5%-ғана құрауда. Ал, **Еуропалық Қайта Құру және даму банкі мен Ислам даму банкінің осы мақсат үшін бөлген** қаржысынан Сыр өңірі мүлдем тыс қалған. Сонда судың ең үлкен шығыны жүріп жатқан Қызылорда облысына немқұрайлық және тепе-теңдік болмаған. Және жоспарда тек магистральдық - шаруашылықаралық арналар қамтылған, ал ішкі шаруашылық арналар мен тарату желілері мүлдем қарастырылмаған. Еліміздегі судың ең көп шығыны 20-35% осы **ішкі шаруашылық арналар мен тарату желілеріне тиесілі**. Одан бөлек бұл жерде келесі мәселе туындайды – республикалық және жергілікті органдардың арналарды пайдаланудың шекарасын анықтау және жауапкершілікті ажырату бойынша, тұжырымдамада шаруашылықтардың ішкі арналары мен гидроқұрылыстарын **паспорттау қамтылмаған**. Жобалау-сметалық құжаттамада міндетті түрде тексеріп, суды есепке алу аспабын орнату, арналарды бетондаумен жобалау сияқты т. б. іс-шаралар болған жағдайда ғана **су үнемділігі болады**.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Құрметті **Қанат Алдабергенұлы!** Президентіміздің тапсырмасын орындау мақстында тұжырымдама мен Кешенді жоспарды барлық мүдделі органдардың атқарушы тәртібімен қайта жасақтап, жүзеге асырылуын бақылауға алуды сұраймын.

Құрметпен,
«Аманат» партиясы
Фракциясының депутаты

М. Ергешбаев

Орын.: Садуақасов Б.
тел.: 74 63 44